

Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 13 маусымдағы № 209 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 маусымда № 4655 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 141 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 29.04.2021 № 141 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3 бабының 7 тармағына және 6 бабының 2 тармағына сәйкес, Созақ ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Созақ ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Созақ ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Б.Әлмағанбет

"КЕЛІСІЛДІ"

"Оңтүстік Қазақстан облысының
жолаушылар көлігі және автомобиль
жолдары басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Н.М.Байғұт

"13" маусым 2018 жыл

Созақ ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "13" маусымдағы
№ 209 қаулысымен бекітілген

Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

К/с	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Автомобиль жолдарының мекен жайы, шақырым	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	2	3	4	5
1	KXSZ-1	КХ-56-"Байқадам-Шолақорған"-Қызылкөл	0-1,0	1,0
2	KXSZ-2	КХ-56-"Байқадам-Шолақорған"-Құмкент	0-1,0	1,0
3	KXSZ-3	Шолақорған-Балдысу	0-14,0	14,0
4	KXSZ-4	Балдысу-Қарабұлақ	0-5,0	5,0
5	KXSZ-5	КХ-2-"Созақ-Шолақорған"-Абай	0-10,0	10,0
6	KXSZ-6	КХ-2-"Созақ-Шолақорған"-Сызған	0-2,7	2,7
7	KXSZ-7	КХ-2-"Созақ-Шолақорған"-Басбұлақ	0-1,7	1,7
8	KXSZ-8	КХ-2-"Созақ-Шолақорған"-Созақ	0-2,0	2,0
9	KXSZ-9	КХ-57-"Созақ-Қаракұр"-Шаға	0-1,0	1,0
10	KXSZ-10	КХ-57-"Созақ-Бақырлы"-Раңата	0-3,0	3,0
11	KXSZ-11	КХ-57-"Созақ-Бақырлы"-Саржаз	0-1,5	1,5
12	KXSZ-12	КХ-57-"Созақ-Бақырлы"-Ақсүмбе	0-11	11
13	KXSZ-13	Бақырлы-Тайқоңыр	0-2,0	2,0
14	KXSZ-14	КХ-2-"Шолақорған-Шаян"-Аққолтық	0-3,0	3,0
15	KXSZ-15	КХ-57-"Созақ-Қаракұр"-Көктөбе	0-1,1	1,1
16	KXSZ-16	КХ-2-"Созақ-Тасты"-Қылти	0-0,8	0,8
17	KXSZ-17	КХ-2-"Шымкент-Түркістан" айналма автомобиль жолы Шолақорған ауылы	0-4,386	4,3
18	KXSZ-18	КХ-2-"Түркістан-Созақ" айналма автомобиль жолы Шолақорған ауылы	0-7,1	7,1
19	KXSZ-19	Жуантөбе елді мекеніне кіреберіс жол	0-2,1	2,1

20	KXSZ-20	Тасты елді мекеніне кіреберіс жол	0-3,7	3,7
21	KXSZ-21	Шу елді мекеніне кіреберіс жол	0-1,4	1,4
Созақ ауданының аудандық маңызы бар жолдары бойынша барлығы:				79,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК